

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Баланы жаман әдеттен қалай сақтау керек?

ЖАРИЯЛАНДЫ
31.03.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/117731/>

Баланы жаман әдеттен қалай сақтау керек?

Бала-ата-ананың қолындағы аманат. Олардың жүректері пәк, таза, гауһардай құнды. Бала жасшыбықтай иілгіш келеді. Кез келген пішінгесалуға болады. Құнарлы топыраққа ұқсайды. Құнарлы топыраққа не ексең, сонын жемісіналасың. Сондықтан бала неге бейімделетін болса, сол бойынша бағыталады, солай өседі. Ұяда не көрсе, ұшқандасоны іледі. Баладан жақсы қасиеттер, жақсы әрекеттер көрген кезде, оны мақтап, марапаттау керек. Кейде адамдардың арасында мақтау керек. «Менің ұлым сөйтті» деген секілді сөздермен жақсылыққа аянталандыру керек. Өрескеліс-әрекеттері стесенемесе бір жаман сөз сөйлесе, бірнеше рет көрмегендей сыңайтаныту керек. «Олай істемесе» демеу керек, жазғырмау керек. Жиі-жиі жазғырылатын бала батылданып, жасырын істеп жүргендеріс қылықтарына шық түрде көрсете бастайды. Істеген жаман істерінің зиянын өзіне жұмсақ тілмен түсіндіру керек, ескерту керек! Бала жалықпауы үшін күнде бір мезгіл ойнауына рұқсат беру керек. Жалығудан және неренжуден жаман мінездер пайда болады. Баланың ешкімнен ақша сұрауына рұқсат бермеу керек. Көп сөйлемеді, үлкендерге құрмет көрсетуді үйрету керек. Жақсы адамдардың жақсылықтарына ийтіп, солардай болуға тырысуы керектігін және жаман адамдардың жамандықтарына ийтіп, ондай болмауы керектігін үйреткен дұрыс. Баланың әрқалаған нәрсесіналып беру жән есәнді, салтанатты өмір сүруін қамтамасыз етуді дұрыс емес. Өйткені бала өскенде де әрқалағанына қолжеткізе алатыны ойланып, оған ұмтыла беретін болады, ал бұл жүзеге аспай қалған кезде өміргеренжіп, қиялдары қирап, ешкімді тыңдамайтын құлақсыз қырсыққа айналады. Балаға ысырап етпеді, қанағатшыл болуды үйрету керек. Жаман жерлерге баруына жол бермеу керек. Бала жаман адамдардың қасында жүрсе, әдепсіздік пен ұятсыздықты, өтірік айтуды үйренеді. Әке үнемі қатал болмауы керек, көперкелетпегені де жөн. Сөйлегенде айбаттылығын сақтауы керек. Балаға әкесінің байлығымен, лауазымымен мақтанбауы нескерту керек. Қарапайым жән есыпайы болуды үйреткен дұрыс.

Басқа адамдардың қасында әдептілік сақтауды, дәрекі болған іс-әрекеттерден аулақ болуды түсіндіру керек. Баланы көп сөйлеуден қайтару керек. Көп сөздің ұятсыздыққа жолашатынын, мылжындықтың жаман қасиеті екендігінайтуды керек. Бала ертелі-кеш сөйлеуді бәрі бір үйренеді. Мақсат оған қажет кезінде үндемеуді және үлкендердің сөзіне құлақ асуды үйрету.

Жаңа туған нәрестенің өзіне ата-анасының, туған-туыстарының күле қарауынан, жылы-жылы сөйлеп, жақсы көруінен, иіскеп, аялауынан бақытты сезінетіні, олардың қарым-қатынасты түсіну қабілетінің артатыны есіңізде болсын. Жыламайтын, мазасызданбайтын, ауырмайтын сәби жоқ. Әсіресе, жас нәресте жылаған кезде қолыңызға алып, құшағыңызға қыспасаңыз да, жанында отырып уатуға тырысыңыз. Мұндайда сәби ата-ана ықыласынан, назарынан тыс қалмасын. Сонда оның бойында сенімділік сезімі қалыптаса бастайды, жалғыздық, керексіздіктен туындайтын үрей, қорқыныш, жалтақтық бойын билемейді. Өмір тәжірибесі көрсеткеніндей, бала көбінесе, тісі өскенде, жүре бастағанында, сөйлеуге талпынғанында ерекше жылауық болып келеді. Бұл денелік, рухани қажеттіліктің салдары. Одан қорықпаңыз.

Кішкентай кезінде балалар қолына не болса, соны алады, бәрін де ұстап көргісі келіп, қызығады. Ұстауға болмайтын заттарды (өткір, қатты, иісті, кір нәрселерді, асыл бұйымдарды, қасиетті кітаптарды және тағы да басқаларды) қолынан аларда ата-анасы ашуланбай, ұрыспай, жылы сөзбен оны беруге көндіріп, жылатпауға, ренжітпеуге тырысқаны жөн. Тек мұндай заттарды баланың алуға болмайтынын кесімді түрде ескерткен де дұрыс. Мысалы: «мұны балаларға ұстауға болмайды», — дегендей.

Барлық ата-ана баласын еркелетіп өсіреді. Тек, осы еркелету шектен тыс болса, оның зияны өте зор. Керісінше, біздің көптеген ата-аналарымыз баласының қалаған барлық тағамын ішкізіп, қалаған барлық киімін үстіне жапсырып, қалаған барлық заттарын сатып алып береді. Мұны ұл-қызының мұқтажсыз өмір сүруіне жағдай жасауды түсінеді. Содан бала еш нәрсенің нарқын да, парқын да білмей өседі. Ержете бастасымен ата-анасына өтініш көбейіп, «аспандағы айды алып бер», — деуден де тайынбайды. Тіпті, өсекеле баланың өтініш, тілегін бұлжытпай орындалуға тиісті талапқа, бұйрыққа да айналады.

Тәрбиедегі негізгі факторлар:

Зеректік: Бала өзінің алғаш көрген нәрсесін білуге, шұқылап көруге және сұрап үйренуге әуес болады. Сондықтан балаларға үнемі жақсы және әдемі нәрселерді көрсетіп, сұрақтарына дұрыс жауап беру керек. Осылайша баланың зеректігі, сана-сезімі, түсіну қабілеті жетіледі. (3-6 жас аралығындағы балаларда осы нәрсеге қатты мән беру керек. Бұл кезең баланың тілі, миы және зеректігінің қалыптасуы үшін ең маңызды кезең

болып табылады.)

Рух:Өте сезімтал және өкпелегіш балаларға ащы да болса шындықты айтуды және оған төзе білуді үйрету керек. Ал тасжүрек балаларға көңілін жібітетіндей өнегелі мысалдар айтып, сезімтал болуына күш салу керек.

Қалау:Мықты қалауға, ерік-күшіне ие болуына тырысу керек. Қалауы әлсіз балаларды біраз еркін жіберіп,өзіне деген сенімділігін арттыру керек. Қалауы күшті балалардың тәрбиесі де қаталдау болған абзал.Алайда балаға мейірімділікпен және түсіністікпен қарау шарт.

Тәрбиедегі маңызды мәселелер:

Сүйіспеншілік: Тәрбиеде өзара сүйіспеншілік, құрметтің маңызды болғаны секілді, салмақтылық, сабырлылық та өте маңызды. Отбасы ішіндегі берекесіздік, ата-ананың ұрыс-керісі, әсіресе ажырасуы бала психологиясына өте ауыр әсерін қалдырады.

Жазалау мен ынталандыру:

«Мынаны жасайтын болсаң, мұны бермейміз, ойнауға далаға шығармаймыз» деген секілді кейбір жазаларды беру дұрыс болғанымен, қандай жағдайда болсын баланы ұруға,оған қол көтеруге болмайды.Жаза баланың көңілін қалдыратындай болмауы және өзге адамдардың көз алдында да жасалмауы тиіс. Игі істеріне өз орнымен, жасына сай ойыншық немесе велосипед сияқты сыйлықтар әперіп,марапаттап тұру керек.

Бала – біздің бауыр етіміз, бақытты болашағымыз. Халқымыз: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», — демекші, бала тәрбиесіне отбасында өмірге келген күнінен бастап айрықша мән берейік.